

Қарғалы ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 108 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 04 мамырда № 3881 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 372 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 04.11.2014 № 372 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі " Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысына сәйкес Қарғалы ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Қарғалы ауданы бойынша 2014 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары I.Тынымгеревке жүктелсін.
3. Осы қаулы ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

P.Сыдыков

Қарғалы ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 15 сәуірдегі
№ 108 қаулысына
1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Тұрғылыкты жердің атасы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны (адам)
1	Бадамша ауылы	100
	Барлығы	100

Қарғалы ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 15 сәуірдегі
№ 108 қаулысына
2 қосымша

Бір айдағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Б і р тәрбиелену ш і г е жұмсалатын шығыстардың орташа құны (тәнге)	Мектепке дейінгі ұйымдар									
	Б а л а б а қ ш а л а р (бөбекжайлар)					катты отынымен жылыту				
1	4	6	8	10 және одан да	1	4	6	топтан 7 топқа	6 топтан 7 топқа	10 және одан да
топтан	топтан	топтан	топтан	одан да	топтан	топтан	топтан	дейін(дейін(топтан
3	5	7	9	көп	3	5	20-дан	Топта сыйымдылығы	9	көп
топқа	топқа	топқа	топқа	топтарға	топқа	топқа	көп емес бала)	25 баладан асады)	топқа	топтарға
дейін	дейін	дейін	дейін	дейін	дейін	дейін		дейін	дейін	дейін
	27490				43500	23531	21105	13450		

Қарғалы ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 15 сәуірдегі
№ 108 қаулысына
3 қосымша

Бір тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (тенге)	Мектепке дейінгі ұйымдар		
	Балабақшалар (бөбек-балабақшалар)		
	Ұйымдарда болу ұзақтығымен		
	9 сағат	10, 5 сағат	12 сағат
	300	400	420